11. $\lim\limits_{x\to\infty}(2x+1)[\ln(x-3)-\ln x]$

Шешуі. Бұл жерде алдымен логарифмдердің айырмасының және дәреженің логарифмінің қасиетін қолданамыз:

$$\lim_{x\to\infty}(2x+1)[\ln(x-3)-\ln x]=\lim_{x\to\aleph}\ln(\frac{x-3}{x})^{2x+1}=\lim_{x\to\infty}\ln(1-\frac{3}{x})^{2x+1}=\ln\lim_{x\to\infty}(1-\frac{3}{x})^{2x+1}=$$

$$=\ln\Big(\lim_{x\to\infty}\left(1+\frac{-3}{x}\right)^{2x}\cdot\lim_{x\to\infty}(1-\frac{3}{x})^{1}\Big)=\ln\lim_{x\to\infty}\left(1+\frac{-3}{x}\right)^{\frac{x}{-3}(-3)\cdot 2}=\ln e^{-6}=-6$$

Тамаша шектерді қолданып, есептеңіз

1а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\sin 3x}{2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(1+\frac{2}{x}\right)^{2x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(1+\frac{3}{x}\right)^{\frac{x}{2}}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos^2 x}{x^2}$

2. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\sin 5x}{2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(1-\frac{2}{x}\right)^{x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+3}{x+1}\right)^{\frac{3x}{2}}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos^2 2x}{x^2}$

3. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{tg3x}{2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x}\right)^{2x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x-1}\right)^{\frac{x}{2}}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos^2 3x}{x^2}$

4. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{tg5x}{3x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+5}{x}\right)^{5x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+3}{x+1}\right)^{\frac{x}{2}}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 2x}{x^2}$

5. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{3x}{tg2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+6}{x}\right)^{-x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+5}{x-1}\right)^{x}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 3x}{x^2}$

6. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\arcsin x}{2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x}\right)^{\frac{x}{3}}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+4}{x-1}\right)^{2x}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 2x}{1-\cos x}$

7. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\arcsin 2x}{5x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x}\right)^{-x}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x-4}{x+1}\right)^{2x}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 3x}{1-\cos 4x}$

8. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{arctgx}{2x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x-2}{x}\right)^{\frac{x}{3}}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+4}{x+2}\right)^{x-1}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 4x}{1-\cos x}$

9. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{\arcsin 5x}{4x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x}\right)^{2x+1}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+4}{x-1}\right)^{2x-1}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 2x}{1-\cos 5x}$

10. а) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{2x}{arctg4x}$ б) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+2}{x}\right)^{\frac{x}{3}+2}$ в) $\lim\limits_{x\to\infty}\left(\frac{x+4}{x+2}\right)^{x-2}$ г) $\lim\limits_{x\to 0}\frac{1-\cos 5x}{3x^2}$

4. Функцияның нүктедегі және аралықтағы үзіліссіздігі

$y = f(x)$ функциясы берілсін. $x_0 \in X$ - анықталу облысы болсын.

Анықтама

$$\lim_{x \to x_0} f(x) = f(x_0) \qquad (1)$$

болса, онда $f(x)$ функциясы x_0 нүктесінде үзіліссіз функция деп аталады.

$x_0 = \lim_{x \to x_0} x$ болғандықтан $\lim_{x \to x_0} f(x) = f(\lim_{x \to x_0} x)$, яғни үзіліссіз функция үшін шекке көшкенде "$\lim$" символы мен функция сипаттамасы "f" символының орындарын алмастырып жаза беруге болады.

Егер (1) теңдікте $f(x_0)$ санын теңдіктің сол жағына көшіріп және одан шек алатын болсақ, сонымен бірге $x \to x_0$ және $x - x_0 \to 0$ шарттарының мәндестігін ескерсек, онда

$$\lim_{x - x_0 \to 0} [\, f(x) - f(x_0)] = 0 \qquad (2)$$

$x - x_0$ айырмасын аргумент өсімшесі деп атап, $x - x_0 = \Delta x$ деп белгілейік. Сонда $x = x_0 + \Delta x$, ал $f(x) - f(x_0) = f(x_0 + \Delta x) - f(x_0) = \Delta f(x_0)$- функцияның x_0 нүктесіндегі сәйкес өсімшесі.

Сонда (2) теңдік мына түрде жазылады:

$$\lim_{\Delta x \to 0} \Delta f(x_0) = 0 .$$

Бұдан нүктедегі үзіліссіз функция үшін аргументтің ақырсыз кішкене өсімшесіне функцияның сол нүктеде ақырсыз кішкене өсімшесі сәйкес келетіндігі шығады.

Бірінші анықтама мынадай үш шарттың орындалуымен мәндес деп саналады:

а) x_0 нүктесі өзінің қандай да бір маңайымен қоса X анықталу облысына тиісті болады;

ә) x_0 нүктесінде функцияның бір жақты шектері бар болады және олар өзара тең, яғни

$$\lim_{x \to x_0 - 0} f(x) = \lim_{x \to x_0 + 0} f(x);$$

б) функциясының бір жақты шектері оның осы x_0 нүктесіндегі мәніне

$$f(x_0 - 0) = f(x_0 + 0) = f(x_0)$$

тең болады.

Анықтама. Егер

$$\lim_{\delta \to \delta_0 - 0} f(x) = f(x_0) \qquad \left(\lim_{x \to x_0 + 0} f(x) = f(x_0) \right)$$

теңдігі орындалса, онда f функциясы x_0 нүктесінде сол (оң) жақты үзіліссіз функция деп аталады.

Анықтама. Егер f функциясы қандай да бір аралықтың әрбір нүктесінде үзіліссіз болса, онда ол сол аралықта үзіліссіз функция деп аталады.

Анықтама. Егер кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін оған тәуелді $\delta > 0$ саны табылып, $|x - x_0| < \delta$ шартын қанағаттандыратын барлық x үшін $|f(x) - f(x_0)| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалса, онда x_0 нүктесінде f функциясы үзіліссіз деп аталады (символдар арқылы $\forall \varepsilon > 0 \ \exists \delta = \delta(\varepsilon) > 0 \quad |x - x_0| < \delta \Rightarrow |f(x) - f(x_0)| < \varepsilon \quad x_0$ нүктесінде f - үзіліссіз).

Теорема. Егер $f_1(x)$ және $f_2(x)$ функциялары x_0 нүктесінде үзіліссіз болса, онда осы нүктеде мына функциялар да $f_1(x)\pm f_2(x), f_1(x)\cdot f_2(x), \dfrac{f_1(x)}{f_2(x)}, f_2(x)\neq 0$ үзіліссіз болады.

Теорема. Егер $u=u(x)$ функциясы $x=x_0$ нүктесінде үзіліссіз болып, ал $f(M)$ функциясы $u_0=u(x_0)$ нүктесінде үзіліссіз болса, онда $f\left[u\,(x)\right]$ күрделі функциясы x_0 нүктесінде үзіліссіз болады.

Теорема. Кез келген элементар функция анықталу облысының әрбір нүктесінде үзіліссіз болады.

5. Үзіліс нүктелері және оларды классификациялау

Анықтама. Функцияның үзіліссіздік қасиеті орындалмайтын нүктелері осы функцияның үзіліс нүктелері деп аталады.

Функцияның әрбір үзіліс нүктесінде оның үзіліссіздігінің кемінде бір шарты бұзылады. Осы шарттардың бірі болмаса бірі орындалмауына қарай үзіліс нүктелері былайша классификацияға бөлінеді:

а) бірінші текті үзіліс**.** Егер x_0 нүктесінде f функциясының сол жақты және оң жақты шектері бар болып, бірақ олар бір-біріне тең болмаса, немесе олар бір-біріне тең, бірақ олар x_0 нүктесіндегі функцияның мәніне тең емес, немесе $f(x_0)$ анықталмаған болса, онда x_0 нүктесі f функциясының бірінші текті үзіліс нүктесі деп аталады.



1- сурет

$f(x_0-0)=в_1,\;\; f(x_0+0)=в_2,\;\; f(x_0+0)-f(x_0-0)=в_2-в_1<\infty.$

$в_1\neq в_2$ x_0 нүктесінде 1- ші текті үзіліс;

ә) екінші текті үзіліс. Егер x_0 нүктесінде алынған f функциясының бір жақты шектерінің кемінде бірі шексіз болып, не тіпті ол болмаса, онда сол x_0 нүктесі f функциясының екінші текті үзіліс нүктесі деп аталады.



2 - сурет



3-сурет



4-сурет

Анықтама. Егер f функциясы бүкіл $[a,в]$ кесіндісінде анықталған болып және де кесіндінің, мүмкін бірінші текті үзіліс болатын саны шектеулі нүктелерден басқа барлық ішкі нүктелерінде үзіліссіз болса, мұнымен қоса a нүктесінде оң жақты үзіліссіз, ал $в$ нүктесінде сол жақты үзіліссіз болса, онда f функциясы $[a,в]$ кесіндісінде үздікті үзіліссіз функция деп аталады.

Мысалдар. 1. $f(x)=9^{\frac{4}{x+6}}$; 2. $f(x)=\dfrac{8}{x-3}$ функциялары берілген.

1. Функциялардың үзіліс нүктелерін табу керек.
2. Функциялардың үзіліс нүктелерінің сол және оң жақ шектерін табу керек
3. Үзіліс нүктелеріне сипаттама беру керек.

Шешуі.

Элементар функциялардың үзіліс нүктелері тек олардың анықталмаған нүктелерінде ғана болады, егер бұл нүктелердің аймағында функциялар анықталған болса. Элементар емес функциялардың үзіліс нүктелері олардың анықталған да, анықталмаған да олыстарында жата береді.

1. $f(x)=9^{\frac{4}{x+6}}$ функциясы үшін $x=-6$ нүктеі берілген функцияның анықталу облысына кірмейді, әрі осы нүктенің аймағында функция анықталған болғандықтан $x=-6$ үзіліс нүктесі болады.

Енді сол жақ, оң жақ шектерін табайық.

$$f(-6-0)=\lim_{x\to-6-0}9^{\frac{4}{x+6}}=\left|9^{\frac{4}{-0}}=9^{-\infty}\right|=0;$$

$$f(-6+0)=\lim_{x\to-6+0}9^{\frac{4}{x+6}}=\left|9^{\frac{4}{+0}}=9^{+\infty}\right|=\infty.$$

Енді үзіліс нүктесіне сипаттама берейік.

$f(-6+0)=\infty.$ болғандықтан, $x=-6$ нүктесі 2- текті үзіліс нүктесі болады.

2. $f(x)=\dfrac{8}{x-3}$ функциясы үшін $x=3$ нүктеі берілген функцияның анықталу облысына кірмейді, әрі осы нүктенің аймағында функция анықталмаған болғандықтан $x=3$ үзіліс нүктесі болады.

Енді сол жақ, оң жақ шектерін табайық.

$$f(3-0)=\lim_{x\to3-0}\frac{8}{x-3}=\left|\frac{8}{-0}\right|=-\infty;$$

$$f(3+0)=\lim_{x\to3+0}\frac{8}{x-3}=\left|\frac{8}{+0}\right|=+\infty.$$

Енді үзіліс нүктесіне сипаттама берейік.

$f(3+0)=\infty$. $f(3-0)=-\infty$ болғандықтан, $x=3$ нүктесі 2- текті үзіліс нүктесі болады.

Тексеру сұрақтары.

1. Функцияның нүктедегі үзіліссіздігінің анықтамасы.
2. Нүктедегі үзіліссіздіктің қандай шарттары бар?
3. Функцияның нүктедегі сол жақты, оң жақты үзіліссіздігінің анықтамасы.
4. Нүктедегі үзіліссіз функциялардың қандай қасиеттері бар?
5. Аралықтағы үзіліссіз функцияның анықтамасы.
6. Үзіліс нүктелерінің қандай сипаттамалары бар?
7. 1-текті,2-текті үзіліс нүктелері қалай анықталады?

Өз бетімен орындауға тапсырмалар.

1. Берілген функциялардың үзіліс нүктелерін табу керек.
2. Функциялардың үзіліс нүктелерінің сол және оң жақ шектерін табу керек
3. Үзіліс нүктелеріне сипаттама беру керек.

1. а) $f(x)=2^{\frac{1}{x-3}}$ б) $g(x)=\dfrac{2}{7-x}$

2. а) $f(x)=6^{\frac{2}{x+3}}$ б) $g(x)=\dfrac{-2}{2-x}$

3. а) $f(x)=3^{\frac{2}{x-3}}$ б) $g(x)=\dfrac{5}{x-5}$

4. а) $f(x)=5^{\frac{1}{x+4}}$ б) $g(x)=\dfrac{5}{7+x}$

5. а) $f(x)=2^{\frac{5}{x+2}}$ б) $g(x)=\dfrac{2}{8-x}$

6. а) $f(x)=4^{\frac{1}{3-x}}$ б) $g(x)=\dfrac{7}{6-x}$

7. а) $f(x)=2^{\frac{2}{3-x}}$ б) $g(x)=\dfrac{4}{2+x}$

8. а) $f(x)=3^{\frac{1}{3-x}}$ б) $g(x)=\dfrac{9}{6-x}$

9. а) $f(x)=4^{\frac{2}{x+6}}$ б) $g(x)=\dfrac{2}{6-x}$

10. а) $f(x)=7^{\frac{1}{x-3}}$ б) $g(x)=\dfrac{6}{9-x}$

2. Функциялар берілген. Функцияның үзіліссіздігін тексере отырып, графигін тұрғызу керек.

1. а) $f(x)=\begin{cases} x+4, & x<1; \\ x^2+2, & -1\le x<1; \\ 2x, & x\ge 1. \end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases} x+1, & x\le 0; \\ (x+1)^2, & 0<x\le 2; \\ -x+4, & x>2. \end{cases}$

2. а) $f(x)=\begin{cases} x+2, & x\le -1; \\ x^2+1, & -1<x\le 1; \\ -x+3, & x>1. \end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases} -x, & x\le 0; \\ -(x-1)^2, & 0<x<2; \\ x-3, & x\ge 2. \end{cases}$

3. а) $f(x)=\begin{cases}-2(x+1), & x\le 1;\\ (x+1)^3, -1<x<0;\\ x, & x\ge 0.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}-x, & x\le 0;\\ x^2, 0<x\le 2;\\ x+1, & x>2.\end{cases}$

4. а) $f(x)=\begin{cases}x^2+1, & x\le 1;\\ 2x, 1<x\le 3;\\ x+2, & x>3.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}x-3, & x<0;\\ x+1, 0\le x<4;\\ x+3, & x\ge 4.\end{cases}$

5. а) $f(x)=\begin{cases}\sqrt{1-x}, & x\le 0;\\ 0, 0<x\le 2;\\ x-2, & x>2.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}2x^2, & x\le 0;\\ x, & 0<x\le 1;\\ x+2, & x>1.\end{cases}$

6. а) $f(x)=\begin{cases}\sin x, & x<0;\\ x, & 0<x\le 2\\ 0, & x>2\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}x+1, & x<0;\\ x^2-1, 0<x\le 2;\\ -x, & x\ge 1.\end{cases}$

7. а) $f(x)=\begin{cases}\cos x, & x\le \pi/2;\\ 0, \pi/2<x<\pi;\\ 2, & x\ge \pi.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}x-1, & x\le 0;\\ x^2, 0<x<2;\\ 2x, & x\ge 2.\end{cases}$

8. а) $f(x)=\begin{cases}-x, & x<0;\\ x^2+1, 0\le x<2;\\ x+1, & x\ge 2.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}x+3, & x\le 0;\\ 1, 0<x\le 2;\\ x^2-2, & x>2.\end{cases}$

9. а) $f(x)=\begin{cases}x-1, & x<0;\\ \sin x, & 0<x<\pi;\\ 3, & x\ge \pi.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}-x+1, & x<-1;\\ x^2+1, -1\le x\le 2;\\ 2x, & x>2.\end{cases}$

10. а) $f(x)=\begin{cases}3x+4, & x\le -1;\\ x^2-2, -1<x<2;\\ x, & x\ge 2.\end{cases}$ б) $f(x)=\begin{cases}x, & x\le 1;\\ (x-2)^2, & 1<x\le 3;\\ -x+6, & x>3.\end{cases}$

6. Функция туындысы

Анықтама. $y=f(x)$ функциясы $(a,в)$ интервалында анықталған болсын. Осы интервалдан $x_0+\Delta x$ нүктесі шықпайтындай етіп, x_0 аргументіне $\Delta x\ne 0$ өсімшесін берейік. Сонда $y=f(x)$ функциясының x_0 нүктесіндегі сәйкес өсімшесі

$$\Delta y=\Delta f(x_0)=f(x_0+\Delta x)-f(x_0)$$

болады.

Анықтама. $y=f(x)$ функциясының x_0 нүктесіндегі туындысы деп Δx нөлге ұмтылғанда функция өсімшесінің аргумент өсімшесіне қатынасының шегін айтады. $y=f(x)$ функциясының x_0 нүктесіндегі туындысын $f'(x_0)$ немесе $y'(x_0)$ деп белгілейді

$$f'(x_0)=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{\Delta y}{\Delta x}=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{f(x_0+\Delta x)-f(x_0)}{\Delta x}. \qquad (1)$$

Егер $y=f(x)$ функциясының $(a,в)$ интервалдың әрбір x нүктесінде туындысы бар болса, онда ол туынды x аргументінің функциясы болып табылады және оны

$$\frac{dy}{dx}=\frac{df(x)}{dx}=y'=f'(x)$$

деп белгілейді.

Туынды табу амалы функцияны дифференциалдау деп аталады. Сонымен, функция туындысын табу үшін:

а) аргумент x-ке Δx өсімшесін береді;

б) осыған сәйкес Δy функция өсімшесін табады;

б) $\frac{\Delta y}{\Delta x}$ қатынасын табады;

в) осы қатынастың $\Delta x \to 0$ шегін табады.

Туындының геометриялық және механикалық мағынасы

а) туындының геометриялық мағынасы. Алдымен қисық сызыққа жүргізілген жанаманың анықтамасын келтірейік.

$(a,в)$ интервалында анықталған және үзіліссіз $y=f(x)$ функциясының графигін қарастырайық.



$(a,в)$ $x_0 \in (a,в)$, Δx- өсімше.

$$M_0(x_0\, f(x_0)),\ M(x_0+\Delta x; f(x_0+\Delta x))$$

Анықтама. $y=f(x)$ қисығына M_0 нүктесінде жүргізілген жанама деп графиктің M нүктесі оның M_0 нүктесіне ұмтылғандағы $(\Delta x \to 0)$ қиюшысының шектік орны (егер ол бар болса) M_0T түзуін атайды.

Егер $f'(x_0)$ туындысы бар болса, онда $y=f(x)$ қисығы графигінің $M_0(x_0, f(x_0))$ нүктесінде M_0T жанамасын жүргізуге болады. Сонда $\Delta x \to 0$ жағдайда

$$M_0M \to M_0T \Rightarrow \varphi \to \varphi_0 \Rightarrow tg\,\varphi \to tg\,\varphi_0,$$

мұндағы φ мен φ_0 сәйкесінше OX өсімен (M_0M) қиюшысы және (M_0T) жанамасы жасайтын бұрыштар.

$$tg\,\varphi=\frac{MP}{M_0P},\qquad MP=f(x_0+\Delta x)-f(x_0)=\Delta f(x_0),\qquad M_0P=\Delta x.$$

$$\Delta x \to 0\ tg\,\varphi=\frac{\Delta f(x_0)}{\Delta x}.\qquad \varphi \to \varphi_0 \text{ болғандықтан}$$

$$f'(x_0)=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{\Delta f(x_0)}{\Delta x}=\lim_{\Delta x\to 0} tg\,\varphi=tg\lim_{\Delta x\to 0}\varphi=tg\,\varphi_0=k$$

$y=f(x)$ функциясының (x_0,y_0) нүктесіндегі жанамасының теңдеуі

$$y-y_0=f'(x_0)\cdot(x-x_0),$$

болады, мұндағы $y_0=y(x_0)$.

Егер осы жанамаға (x_0,y_0) нүктесінде перпендикуляр жүргізсек, онда осы түзуді нормаль түзу деп атайды және оның теңдеуі

$$y - y_0 = -\frac{1}{f'(x_0)} \cdot (x - x_0)$$

болады.

б) туындының механикалық мағынасы

$S = f(t)$ функциясының M материалдық нүктесінің түзу бойымен қозғалысының заңдылығын өрнектейтін болсақ, яғни S жолы t уақыт аралығындағы O нүктесінен M нүктесіне дейінгі жүрген жол.

$[t, t+\Delta t]$ аралығында жүрген жолы $\Delta S = f(t+\Delta t) - f(t)$ болса,

онда осы аралықтағы орташа жылдамдығы $V_{op} = \frac{\Delta S}{\Delta t}$,

ал t уақыт аралығындағы лездік жылдамдығы $V = \lim\limits_{\Delta t \to 0} \frac{\Delta S}{\Delta t} = f'(t)$.

Дифференциалдаудың негізгі ережелері

Егер $u = u(x),\ v = v(x)$ функцияларының x нүктесінде шенелген туындылары бар болса,онда

$$(u \pm v)' = u' \pm v',$$
$$(u \cdot v)' = u'v + uv',$$
$$\left(\frac{u}{v}\right)' = \frac{u'v - uv'}{v^2},$$

дербес жағдайда $(c \cdot u)' = c \cdot u'$, $\left(\frac{c}{v}\right)' = -\frac{c}{v^2}$,

мұндағы $c = const$.

Егер $y = f(x)$ функциясы x_0 нүктесінде дифференциалданатын функция болса, онда сол нүктеде функция үзіліссіз болады.

Егер $u = u(x)$ функциясының x нүктесінде туындысы бар және $y = F(u)$ функциясының сәйкес u нүктесінде туындысы бар болса, онда $y = F(u(x))$ күрделі функциясының x нүктесіндегі туындысы бар және ол

$$[f(u(x))]' = f'(u) \cdot u'(x)$$

формуламен анықталады.

Дербес жағдайда $u = kx + b,\ y = f(kx+b)$ болса, онда $y' = kF'(u)$ болады.

Егер $y = f(x)$ функциясының x нүктесінде нөлге тең емес $y' = f'(x) \neq 0$ туындысы бар болса, онда сол x-ке сәйкес $y_0 = f(x_0)$ нүктесінде оған кері $x = \varphi(y)$ функциясының туындысы бар болады және ол

$$x'_y = \varphi'(y) = \frac{1}{f'(x)}$$

тең болады.

Негізгі элементар функциялардың туындылары

1. $c' = 0$	8. $(ctg\, x)' = -\frac{1}{\sin^2 x}$	15. $(arctg\, x)' = \frac{1}{1+x^2}$
2. $x' = 1$	9. $(a^x)' = a^x \ell na$	16. $(arcctg\, x)' = -\frac{1}{1+x^2}$
3. $(x^n)' = nx^{n-1}$	10. $(e^x)' = e^x$	17. $(sh\,x)' = ch\,x$

4. $(\sqrt{x})' = \frac{1}{2\sqrt{x}}$ 11. $(\log_a x)' = \frac{1}{x\ell na}$ 18. $(ch\,x)' = sh\,x$

5. $(\sin x)' = \cos x$ 12. $(\ln x)' = \frac{1}{x}$ 19. $(th\,x)' = \frac{1}{ch^2 x}$

6. $(\cos x)' = -\sin x$ 13. $(\arcsin x)' = \frac{1}{\sqrt{1-x^2}}$ 20. $(cth\,x)' = -\frac{1}{sh^2 x}$

7. $(tg\,x)' = \frac{1}{\cos^2 x}$ 14. $(\arccos x)' = -\frac{1}{\sqrt{1-x^2}}$

Логарифмдік туынды

а) $y = f(x) > 0$ функциясы берілсін. Бұл функцияның екі жағын да логарифмдеп, соңынан туынды аламыз.

$$\ln y = \ln f(x) \Rightarrow (\ln f(x))' = \frac{f'(x)}{f(x)} \Rightarrow$$

$$\Rightarrow y' = f'(x) = f(x)\left[\ln f(x)\right]';$$

ә) $y = a^x$, $a > 0$, $a \neq 1$ функциясы берілсін. Осы теңдіктің екі жағын да логарифмдесек, онда $\ln y = x \ln a$ теңдігін аламыз. Екі жағын да дифференциалдасақ

$$\frac{1}{y} \cdot y' = \ln a \Rightarrow y' = y \ln a \Rightarrow y' = a^x \ln a$$

көрсеткіштік функция туындысы шығады;

б) $F(x) = \left[U(x)\right]^{V(x)}$, $U(x) > 0$ функциясынан туынды алайық. Берілген функцияның екі жағын да логарифмдейік.

$$\ln F(x) = V(x) \cdot \ln U(x) \Rightarrow \frac{F'(x)}{F(x)} = V'(x) \cdot \ln U(x) + V(x) \cdot \frac{U'(x)}{U(x)}.$$

Сонда

$$\left(\left[U(x)\right]^{V(x)}\right)' = \left[U(x)\right]^{V(x)} \cdot \left[V'(x) \cdot \ln U(x) + V(x) \cdot \frac{U'(x)}{U(x)}\right].$$

Ескерту: $(\ln y)' = \frac{1}{y} \cdot y'$ туындысын логарифмдік туынды дейді, мұндағы $y = y(x)$.

Айқын емес және параметрлік түрде берілген функция туындылары

Егер y пен x айнымалылары арасындағы тәуелділік $F(x,y) = 0$ теңдеуімен айқын емес түрде берілсе, онда y'_x туындысын табу үшін теңдеудің екі жағын, y - ті x - тің функциясы деп алып, дифференциалдау керек. Содан соң шыққан теңдеуден y'_x туындысын табу керек.

Егер $F(x,y) = x^2 + y^2 = 4$ болса, онда оның туындысы:

$$2x + 2y\,y' = 0, \quad \text{осыдан} \quad y' = -\frac{x}{y}.$$

y - тің x - ке тәуелділігі t параметрі арқылы $\begin{cases} x = \varphi(t), \\ y = \psi(t), \quad t \in [a, в] \end{cases}$

түрінде берілсін және $\varphi(t), \psi(t)$ функцияларының туындылары бар болсын.

Егер $\varphi'(t)$, $\psi'(t)$ туындылары бар және $\varphi(t)\neq 0$ болса, онда $y=f(x)$ функциясы x нүктесінде дифференциалданады және $y'_x=\dfrac{y'_t}{x'_t}$, $x'_t\neq 0$ теңдігі орындалады.

Мысал. Берілген функциялардың туындыларын табу керек.

1. $y=\sin x^2$, $\qquad y'=\cos x^2\cdot\left(x^2\right)'=2x\cos x^2.$

2. $y=\left(x+\dfrac{2}{x}\right)^{100}$, $\qquad y'=100\left(x+\dfrac{2}{x}\right)^{99}\cdot\left(x+\dfrac{2}{x}\right)'=100\left(x+\dfrac{2}{x}\right)^{99}\cdot\left(1-\dfrac{2}{x^2}\right).$

3. $y=\ln^3(x+3)$, $\qquad y'=3\cdot\ln^2(x+3)\cdot(\ln(x+3))'=\dfrac{3\ln^2(x+3)}{x+3}.$

4.
$$y=\frac{1}{2}tg^2x+\ln\cos x,\qquad y'=\frac{1}{2}\cdot 2tgx\cdot\frac{1}{\cos^2 x}+\frac{1}{\cos x}(-\sin x)=\frac{tgx}{\cos^2 x}-tgx=$$
$$gx\left(\frac{1}{\cos^2 x}-1\right)=tgx\left(\frac{1-\cos^2 x}{\cos^2 x}\right)=tgx\cdot\frac{\sin^2 x}{\cos^2 x}=tg^3x.$$

5. $y=7^{x^2+2x}$, $\qquad y'=7^{x^2+2x}\ln 7\cdot(2x+2)=2(x+1)\cdot 7^{x^2+2x}\cdot\ln 7.$

6.
$$y=arctg\frac{2x}{1-x^2},\qquad y'=\frac{1}{1+\left(\dfrac{2x}{1-x^2}\right)^2}\cdot\left(\frac{2x}{1-x^2}\right)'=\frac{1}{\dfrac{1-2x^2+x^4+4x^2}{(1-x^2)^2}}\cdot\frac{2(1-x^2)-(-2x)2x}{(1-x^2)^2}=$$
$$=\frac{2-2x^2+4x^2}{1+2x^2+x^4}=\frac{2+2x^2}{(1+x^2)^2}=\frac{2}{1+x^2}.$$

7. $y=\sqrt{a^2-x^2}+a\cdot\arcsin\dfrac{x}{a}$,

Шешуі. Күрделі функцияның туындысының ережесі бойынша:
$$y'=\frac{1}{2\sqrt{a^2-x^2}}(a^2-x^2)'+a\frac{1}{\sqrt{1-(\dfrac{x}{a})^2}}\left(\frac{x}{a}\right)'=-\frac{2x}{2\sqrt{a^2-x^2}}+a\cdot\frac{1}{\sqrt{\dfrac{a^2-x^2}{a^2}}}\cdot\frac{1}{a}=$$
$$=-\frac{x}{\sqrt{a^2-x^2}}+\frac{a}{\sqrt{a^2-x^2}}=\frac{a-x}{\sqrt{a^2-x^2}}=\frac{a-x}{\sqrt{(a-x)(a+x)}}=\sqrt{\frac{a-x}{a+x}}.$$

8. $y^3-3y+2ax=0$, $\quad y'=?$

Шешуі. Бұл –айқын емес функция. Мұндай функцияны дифференциалдау ережесі бойынша, y –тің x- ке тәуелді екенін ескеріп, дифференциалдаймыз да, шыққан теңдеуді былай шешеміз:
$$3y^2y'-3y'+2a=0,\quad y'(3y^2-3)=-2a,\quad y'=-\frac{2a}{3(y^2-1)}.$$

9. $y=\cos(x+y)$, $\quad y'=?$

Шешуі. Айқындалмаған функцияны дифференциалдау ережесі бойынша былай табамыз:
$$y'=-\sin(x+y)(x+y)',\quad y'=-\sin(x+y)(1+y'),\quad y'=-\sin(x+y)-y'\sin(x+y),$$
$$y'(1+\sin(x+y))=-\sin(x+y),\quad y'=\frac{-\sin(x+y)}{1+\sin(x+y)}.$$

10. $\begin{cases} x = a\cos t, \\ y = b\sin t \end{cases}$ $\quad \dfrac{dy}{dx} = ?$

Шешуі. Бұл - параметрлік түрде берілген функция.Мұндай функцияны дифференциалдау ережесі бойынша:

$$\frac{dy}{dx} = \frac{\frac{dy}{dt}}{\frac{dx}{dt}};$$

Ендеше $\dfrac{dx}{dt} = (a\cos t)' = -a\sin t, \quad \dfrac{dy}{dt} = (b\sin t)' = b\cos t.$

Орындарына қоямыз: $\quad \dfrac{dy}{dx} = \dfrac{b\cos t}{-a\sin t} = -\dfrac{b}{a}ctgt.$

11. $\begin{cases} x = a\cos^3 t, \\ y = b\sin^3 t. \end{cases}$ $\quad \dfrac{dy}{dx} = ?$

Шешуі. $\quad \dfrac{dx}{dt} = (a\cos^3 t)' = -3a\cos^2 t\sin t, \quad \dfrac{dy}{dt} = (b\sin^3 t)' = 3b\sin^2 t\cos t.$

Орындарына қоямыз: $\quad \dfrac{dy}{dx} = \dfrac{3b\sin^2 t\cos t}{-3a\cos^2 t\sin t} = -\dfrac{b}{a}tgt.$

12. $y = x^3 - 3x^2 - x + 5$ қисығына M(3;2) нүктесінде жүргізілген жанама мен нормальдің теңдеуін жазу керек.

Шешуі. $y = f(x)$ қисығының (x_0, y_0) нүктесіндегі жанамасының теңдеуі

$$y - y_0 = f'(x_0)\cdot(x - x_0),$$

болады, мұндағы $y_0 = y(x_0)$.

Нормаль түзудің теңдеуі $\quad y - y_0 = -\dfrac{1}{f'(x_0)}\cdot(x - x_0)$

$y' = f'(x) = 3x^2 - 6x - 1, \quad f'(3) = 27 - 18 - 1 = 8,$

Орындарына қоямыз: $y - 2 = 8(x - 3), \quad y = 8x - 22$ - бұл жанаманың теңдеуі, ал

нормальдің теңдеуі $\quad y - 2 = -\dfrac{1}{8}(x - 3), \quad x + 8y - 19 = 0.$

13. $y = x^{\sin x}, \quad y' = ?$

Бұл – күрделі көрсеткіштік функция, мұндай функцияны дифференциалдау үшін алдымен оны логарифмдейміз, содан кейін теңдіктің екі жағынан да туынды аламыз, мұндағы $y = y(x)$ - х-ке тәуелді функция.

$$\ln y = \ln x^{\sin x}, \quad \ln y = \sin x\cdot\ln x, \quad \frac{1}{y}y' = \cos x\cdot\ln x + \frac{1}{x}\cdot\sin x,$$

$$y' = y(\cos x\ln x + \frac{\sin x}{x}), \quad y' = x^{\sin x}(\cos x\cdot\ln x + \frac{\sin x}{x})$$

14. $y = x^{\frac{1}{x}}, \quad y' = ?$

$$\ln y = \ln x^{\frac{1}{x}}, \quad \ln y = \frac{1}{x}\cdot\ln x, \quad \frac{1}{y}y' = \frac{\frac{1}{x}\cdot x - 1\cdot\ln x}{x^2}, \quad \frac{1}{y}y' = \frac{1 - \ln x}{x^2}, \quad y' = x^{\frac{1}{x}}\left(\frac{1 - \ln x}{x^2}\right)$$

15. $f(x) = e^{-x}\cdot\cos 3x, \quad f'(0) = ?$

$$f'(x) = -e^{-x}\cos 3x - 3\sin 3x \cdot e^{-x} = -e^{-x}(\cos 3x + 3\sin 3x).$$
$$f'(0) = -e^{0}(\cos 0 + 3\sin 0) = -1.$$

Тексеру сұрақтары.

1. Функция туындысының анықтамасы.
2. Туындының қандай геометриялық және механикалық мағыналары бар?
3. Қисыққа жүргізілген жанама мен нормальдің анықтамалары және теңдеулері қандай?
4. Дифференциалдау ережелері қандай?
5. Негізгі элементар функциялардың туындылары.
6. Айқын емес функциялардың туындылары қалай табылады?
7. Логарифмдік туынды деген не?

Өз бетімен орындауға тапсырмалар.

1. Берілген функциялардың туындыларын табу керек.

1.а) $y = \ln(x + \sqrt{a^2 + x^2})$; б) $y = 3ctg\,\frac{1}{x}$; в) $y = x^{x^x}$; г) $tg\,\frac{y}{x} = 5x$, д) $\begin{cases} x = 3\sin t, \\ y = 2\cos t. \end{cases}$

2. а) $y = \ln(\sin(2x+1))$; б) $y = \frac{4\sin x}{\cos^2 x}$; в) $y = x^{x^2}$; г) $y + x - arctgx = 0$; д) $\begin{cases} x = \sin^2 t, \\ y = \cos^2 t \end{cases}.$

3. а) $y = \arcsin\sqrt{1-2x}$; б) $y = \frac{1}{tg^2 2x}$; в) $y = x^{\ln x}$; г) $y = x\sin(y-x)$; д) $\begin{cases} x = \sin 2t, \\ y = \cos 2t \end{cases}.$

4. а) $y = \frac{x}{\sqrt{a^2 - x^2}}$; б) $y = \frac{\sin^2 x}{\cos x}$; в) $y = x^{\ln 2x}$; г) $y + x = \sin(y-x)$; д) $\begin{cases} x = \sin(2t+1), \\ y = \cos(2t+1) \end{cases}.$

5. а) $y = \frac{x^2}{\sqrt{1-x^2}}$; б) $y = \frac{\sin x}{\cos^3 x}$; в) $y = x^{\sin 2x}$; г) $y\sin x = \cos(y-x)$; д) $\begin{cases} x = \sin^2 2t, \\ y = \cos^2 2t \end{cases}.$

6. а) $y = \frac{x}{\sqrt{1-x^2}}$; б) $y = \frac{x\ln x}{x-1}$; в) $y = (arctgx)^x$; г) $\frac{y}{x} = e^{xy}$; д) $\begin{cases} x = \sin^3 2t, \\ y = \cos^3 2t \end{cases}.$

7. а) $y = \frac{x^2}{\sqrt{4-x^2}}$; б) $y = \frac{x^2\ln x}{x+2}$; в) $y = (arctgx)^{\ln x}$; г) $\frac{y}{x} = \sin xy$; д) $\begin{cases} x = \sin^3 t, \\ y = \cos^3 t \end{cases}.$

8. а) $y = \frac{1}{\sqrt[5]{5x+1}}$; б) $y = 3^{arctgx^3}$; в) $y = x^{-tg 2x}$; г) $y^2 x = e^{\frac{y}{x}}$; д) $\begin{cases} x = \ln^2 t, \\ y = \frac{1}{t} \end{cases}$

9. а) $y = \frac{3-2x}{\sqrt{x^2+3x+1}}$; б) $y = \frac{1}{2}tg^2 x + \ln\cos x$; в) $y = (x+x^2)^x$; г) $xy = e^{\frac{y}{x}}$; д) $\begin{cases} x = \ln 2t, \\ y = \frac{1}{t} \end{cases}$

10. а) $y = \frac{3-2x}{\sqrt{x^2+3}}$; б) $y = tg^2 x + \frac{1}{2}\ln\cos x$; в) $y = x^x$; г) $x^3 + y^3 - 3axy = 0$; $\begin{cases} x = \ln^2 2t, \\ y = t^2 + 1 \end{cases}$

2. Берілген есептерді шығару керек.
1. Нүктенің қозғалыс заңы: $s = 2t^2 + 3t + 5$, мұндағы қашықтық s сантиметрмен, ал уақыт t-секундпен берілген. t=5 болғандағы жылдамдық неге тең?
2. Нүктенің қозғалыс заңы: $s = 2t^2 + 3t + 5$, мұндағы қашықтық s сантиметрмен, ал уақыт t-секундпен берілген. t=2 болғандағы жылдамдық неге тең?
3. $y = 0{,}1x^3$ қисығына абсциссасы $x = 2$ нүктесінде жүргізілген жанаманың бұрыштық коэффициенті неге тең?
4. $y = \sqrt{x}$ қисығына абсциссасы $x = 4$ нүктесінде жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.
5. $y = x^3 + 2x^2 - 4x - 3$ қисығына (-2;5) нүктесінде жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.
6. $y = tg2x$ қисығын координата басында жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.
7. Қозғалыс заңдылығы $x = 3t - t^3$ теңдеуімен берілген. t=1 болғандағы жылдамдық неге тең?
8. $y = x^2 - 7x + 3$ қисығына (0;3) нүктесінде жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.
9. $y = x^2 - 7x + 3$ қисығына (1;-3) нүктесінде жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.
10. $y = x^2 - 7x + 3$ қисығына (-1;11) нүктесінде жүргізілген жанаманың және нормальдің теңдеулерін жазыңыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Бугров Я.С., Никольский С.М. Дифференциальное и интегральное исчисление. – М.:Наука, 1980.
2. Кудрявцев Л.Д. Математический анализ. – М.:Высшая школа, 1980.
3. Демидович Б.П. Сборник задач и упражнении по математическому анализу. – М; Наука, 1980.
4. Сборник индивидуальных заданий по высшей математике./ Под ред. А.П. Рябушко.- Минск.: Вышейшая школа, 1989.
5. Бермант А.Ф., Араманович И.Г. Краткий курс математического анализа. – Москва: Наука, 1996.-736 с.
6. Пискунов Н.С. Дифференциальное и интегральное исчесления. – Москва: Наука, 1995.
7. Берман Г.И. Сборник задач по курсу математического анализа. – Москва: Наука, 1985.-384 с.
8. Кручкович Г.И., Гутарина Н.И., Дюбюк П.Е. и другие. – Москва: Высшая школа, 1973.-576 с.
9. Хасеинов К.А. Каноны математики. – Алматы: Атамұра, 2003.

Мазмұны

Светлана Жұмағазықызы Махимова

Математикалық талдау пәніненстуденттердің өзіндік жұмыстарды орындау үлгілері.

Әдістемелік құрал.

Пішімі 60х84 1/12
Көлемі 31 бет 2,6 шартты баспа табағы
Таралымы 200 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.